

«Балдәурен» бөбекжай – бақшасының
менгерушісі



2022 жыл

**«Балдәурен» бөбекжай – бақшасында 2022 – 2023 оқу жылына
арналған педагогтердің ашық ұйымдастырылған іс – әрекет
кестесі**

№	Педагогтың ата - жөні	Лауазымы	Тақырыбы	Мерзімі
1	Бидәулетова П	Тәрбиеші	Көркем әдебиет дағдысы бойынша: «Бауырсақ» ертегісі	30 қыркүйек
2	Ганиева Б	Тәрбиеші	Қоршаған ортамен таныстыру дағдысы бойынша: «Үй жануарлары»	17 қазан
3	Мусаева Н	Тәрбиеші	Дене шынықтыру дағдысы бойынша: «Тауық пен балапандар»	29 қараша
4	Сейткасымова А	Тәрбиеші	Қарапайым математика дағдысы бойынша: «Жемістер мен көкөністер»	7 желтоқсан

Әдіскер: *Жылысбаева Р*

Жылысбаева Р

Бекітемін

«Балдәурен» балалар бағдарламасы
меңгерушісі

«50» «09» 2022 ЖЫЛ



«Балапан» кіші тобы

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: «Бауырсақ» ертегісі

Тәрбиеші: П.Бидаулетова

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі

Мақсаты: «Бауырсақ» ертегісін сахналау, таныс ертегінің мазмұнын түсіну.

Көрнекілігі: Ертегі желісі бойынша суреттер.

Міндеті: Ертегі мазмұнын түсінуге үйрету.

Диалогты сөз арқылы баланың тілін дамыту.

Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Балалар, күн салқын болса да, біздің жүрегіміз жылы. Жылуымызды жан-жағымызға беріп, жылулық шеңберін құрып, келген қонақтарымызбен амандасайық.

Жылулық шеңбері:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз,

Сәлем беріп сіздерге

Бас иеміз біз

Тәрбиеші: Балалар ең алдымен біз әдемі орманда жүргендей болайық.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі

-Күз мезгілінің қандай өзгерістері бар?

-Күн салқын, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғаяды.

Қандай ертегілерді білеміз. Ата-аналарын сендерге қандай ертегілер оқып береді?

Бүгінгі оқу қызметіміз қандай ертегі туралы екенін білуіміз үшін мен сендерге жұмбақ жасырам

Қашып кеткен атадан,

Қашып кеткен ападан,

Орманда кеше жүр едім,

Домалап шықты алдымнан (Бауырсақ)

Сәлем балғын балалар!

Бәрін бері қараңыздар

Бауырсақ жайлы ертегі

Сіздерге сыр шертеді

Ертегіні ең қызық

Сахнаға енгіздік

Баяндайық көріңіздер

Өз бағасын беріңіздер!

-Бүгінгі оқу қызметімізде «Бауырсақ»ертегісін сахналаймыз.

Ерте ерте ертеде Кемпір мен шал болыпты. Бірде шал жалынып:

- Кемпір- ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші.

Кемпір

- Неден пісірейін? Ұн жоқ қой!

Шал

- Әй кемпір- ай! Қойманың түбін қырып көрсеңші ұн табылып қалар.

Кемпірі солдай істейді: қойма түбін қырып екі уыс ұн табады да , бауырсақ пісіреді, терезе алдына суытқалы суытқалы қояды.Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, домалап кетеді. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді.

Қоян

Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Бауырсақ қоянға өлең айта бастайды

Бауырсақ әңдетіп келе жатса, оның алдынан аю шыға келіп:

Аю

Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Бауырсақ аюға өлең айта бастайды

Бауырсақ әндетіп келе жатса, оның алдынан түлкі шыға келіп:

Түлкі

Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Бауырсақ Түлкіге өлең айта бастайды

Бауырсақ

-Мен атадан да қаштым, ападан да қаштым, қояннан да қаштым, қасқырдан да қаштым, аюдан да қаштым, бәрінен қашып өзім жоғалып кеттім. Енді атама және апама баратын жолды таба алмай тұрмын.

Түлкі:

Бауырсақ, ал сенің үйіңде сен сияқты бауырсақ бар ма? Менің қарным ашты.

Бауырсақ:

Иә, бар. Апам көп бауырсақтар пісірді. Егер сен мені үйге апарып келсең, мен саған бауырсақ беремін.

Түлкі:

Келістік. Қанекей жүре ғой.

Осылай түлкі бауырсақты үйіне апарды. Атасы мен апасы бауырсақтың келгеніне қатты қуанады. Олар түлкіге рахмет айтып, үйге шай ішуге шақырады. Олар осылай дос болады. Осымен ертегі аяқталды.

Ал енді балалар сергіп алайық

Сергіту сәті:

Қоян болып секірейік,

Аю болып қорбаңдайық.

Қасқыр болып ырылдайық,

Түлкі болып бұлаңдайық,

Қорытындылау:

Тәрбиеші:

-Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді айыру үшін мынадай тапсырмалар орындайық.

Неліктен бұл жерде аю, қасқыр, қоян жағымды кейіпкерлерге жатады?

-Өйткені олар бауырсақты жеген жоқ

-Өте жақсы

— Ал, түлкі ше?

-Түлкі қу, айлакер

Балалар бауырсақ неден жасалады? (Ұннан)

-Ұн неден алынады? (Бидайдан)

-Бауырсақтың түсі қандай?

-Сары

Бауырсақтың пішіні қандай?

- Домалақ, шеңбер
- Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін атаңдар?
- Кемпір, шал, Бауырсақ, Қоян, Қасқыр, Аю, Түлкі

2022 жылдың 30 қыркүйек күні «Балапан» кіші тобының тәрбиешісі
П. Бидаулетованың көркем әдебиеттен «Бауырсақ» ертегісі
тақырыбындағы ҰАОҚ - не

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі

Мақсаты: Балаларға ертегіні мұхият тыңдай білуге дағдыландыру.

Ертегі арқылы баланың есте сақтау қабілеті дамытып, тілдік қорын жетілдіру.

(Көркем әдебиет және коммуникация)

«Балапан» кіші тобының тәрбиешісі П. Бидаулетова орыс халқының «Бауырсақ» ертегісін үстел үсті тетр түрімен ұйымдартырылған іс әрекет өтті. Қатысқан бала саны – 24. Үстел үстінде ширма болды. Балалар тып – тыныш отырды. Ертегі ширмасы ашылды. Ортаға қуыршақ шал шықты. Шал: кемпіріне қарнының ашқанын айтып, бауырсақ пысіруін өтінді. Ортаға кемпірі шықты. Кемпір: үйдінде бауырсақ пісіретін ұн жоғын айтты. Кемпір қаптың түбін қырып бауырсақ пісірді. Оны суысын деп терезенің алдына қойды. Бауырсақ терезеден домалап кетеді. Домалаған бауырсақты жолда қоян, аю кезігеді. Бауырсақтың олардын өлең айтып құтылып кеткенін айтты. Алайда алдынан түлкі шығып бауырсақты қалай жеп қойғанын айтып берді.

Жалпы қорыта келе тәрбиеші П. Бидаулетованың ҰІӨ жоғары деңгейде өтті. Басқа тәрбиешілер өздеріне қажетті үйренері мен жақсы мағлұматтар алды. Дауыс интонациясы балаларға жағымды естілді.

ҰІӨ ұзақтығы – 20 минут.

Кемшіліктері: Үстел үсті ширмасы кішкентай болды.

Ұсыныс: Балаларды столға отырғызбай жерге көрпеше төсеп отырғызу керек еді. Бала жатып көрседе, отырып көрседе жайлы болар еді.

Әдіскер:

Жылысбаева Р


Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай-бақпасы
меңгерушісі Жаңабекова

«17» «10» 2022 жыл

«Қарлығаш» ортаңғы тобы

Ашық оқу іс-әрекеті:

«Үй жануарлары»



Тәрбиеші: Б.Ганиева

2022-2023 оқу жылы

Білім беру саласы: Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Үй жануарларын біледі, төлдерін дұрыс атайды.

Оқу іс - әрекет әдістері: Әңгімелесу, түсіндіру, суретпен, слайдпен жұмыс, жұмбақ шешу, дид - қ ойын.

Көрнекілігі: Жануарлар туралы суреттер – слайд, аудиожазба, интерактивті такта.

Іс - әрекет кезеңдері:

Тәрбиешінің іс - әрекеті

Жұмбақтар

1. Кішкене ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар.

2. Кезікті бір жануар,
Арқасында тауы бар.

3. Басында екі таяғы бар,
Иегінде сақалы бар

4. Жем - шөптен бір тартынбайды,
Сабасы бір сарқылмайды

Олардың бәрін не деп атаймыз?

Ендеше балалар, бүгін біздер үй жануарлары туралы әңгімелесеміз. Қазір мен сендерге осы үй жануарлары туралы Міржақып Дулатовтың «Үй жануарлары» атты әңгімесін оқып беремін, ал сендер мұқият тындап отырыңдар.

«Үй жануарлары» М. Дулатов

«Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй хайуанаттары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыға мінеді, оны арбамен шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қысты күні соғымға сояды, терісін сатып ақша қылады. Түйеге жүк артады, жабағысы, яғни жүні, күпіге жақсы болады, сатса, жүні пұл болады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен асырайды. Ит қасқыр мен ұрыдан сақтап қора күзетеді. Осылардың бәрі тегін қызмет етпейді. Олардың қызметі үшін адам асырайды, бағады, қысты күні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды, ұры, бөріден сақтау үшін бақташы қояды».

- Сонымен үй жануарлары адамның жанында өмір сүреді, оған адам қамқорлық жасайды, күтеді, тамағын, суын береді, ал сол үшін жануарлар адамға өз пайдасын көрсетеді екен.

Д/О: « Даусынан таны».

Ұжымдық жұмыс: Бос қораны үй жануарларымен толтырайық.

Шарты: Бос қораға үй жануарлары және төлдерін жапсырып, төлдерінің

жасайды, күтеді, тамағын, суын береді, ал сол үшін жануарлар адамға өз пайдасын көрсетеді екен.

Д/О: « Даусынан таны».

Ұжымдық жұмыс: Бос қораны үй жануарларымен толтырайық.

Шарты: Бос қораға үй жануарлары және төлдерін жапсырып, төлдерінің аттарын ажыратып айта білуі керек.

-Жарайсындар балалар, сендер жапсырған жанурлармен қорамыз толды.

Балалар, қандай үй жануарларын білесіңдер, кәне атай қойыңдаршы?

- Үй жануарларының төлдерін білесіңдер ме? Кім айтады?

- Керемет бәрін таптыңдар, Қандай ақылды балаларсыңдар. Ал қазір біз жануарлардың адамға қандай пайдасы бар екенін еске түсірейік. Кәне бастайық. (Слайдттағы сурет бойынша)

- Мынау қандай жануар?

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларын, олардың төлдерін атайды. Жұмбақ шешуді, мақал - мәтелдерді

Түсінеді: Үй жануарларының адамға пайдасын, оларды күтуде адамдардың еңбегін

Менгереді: Жануарларға сүйіспеншілік сезіммен және қамқорлықпен қарауды.

2022 жылдың 17 қазан күні «Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі
Б. Ганиеваның «Үй жануарлары» тақырыбындағы ҰАОҚ - не

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Үй жануарларын білуге, төлдерін дұрыс атауға үйрету.

(Қоршаған ортамен таныстыру)

«Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі Б. Ганиева «Үй жануарлары» тақырыбында ұйымдастырылған іс әрекет өтті. Қатысқан бала саны – 25. Тәрбиеші балаларды ортаға жинап шаттық шеңберін жасатты. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырды. Балалар шешуін тапты. Балаларды мақтап, мадақтады. Теледидардан үй жануарлары мен олардың төлдері туралы слайд көрсетті. Балалармен сұрақ – жауап болды. «Даусынан таны» дидактикалық ойынын ойнатты. Балалар үй жануарларын дауыстарынан танып қандай жануар екенін тапты. Балаларға сергіту сәтін орындатты. Ұйымдастырылған іс әрекет соңында ұжымдық жұмыс жасатты. Бос кораға үй жануарларын және төлдерін жапсырғызды.

Жалпы қорыта келе тәрбиеші Б. Ганиева ҮІӨ жақсы өтті. Басқа тәрбиешілер өздеріне қажетті үйренері мен жақсы мағлұматтар алды.

ҮІӨ ұзақтығы – 25 минут.

Кемшіліктері: Балалар ұжымдық жұмыста шашырап, шулап кетті.

Ұсыныс: Балаларды екі немесе үш топқа бөліп, шығармашылық жұмысты бөліп беру керек еді.

Әдіскер:

Жылысбаева Р

Бекітемін
«Балдәурен» балабақшасының
меңгерушісі Жанибекова Г
« 29 » « 11 » 2023 жыл



Ашық ұйымдастырылған іс әрекет
«Тауық пен балапандар»

Тәрбиеші: Н. Мусаева

Білім беру саласы: Денсаулық

Бөлімі: Дене шынықтыру

Тақырыбы: «Тауық пен балапандар»

Максаты: Балаларды ересектермен бірге қимылды жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнатуға ынталандыру.

(физикалық қасиеттерін дамыту)

Керекті құралдар: Тақтай, жіп, массажды кілемше, денсаулық туралы нақыл сөздер.

Тәрбиеші :- Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан - жақты жетілген мәдениетті, дені сау азамат өсіру отбасының, балабақшаның, жалпы халықтың қасиетті борышы екені баршамызға аян. Балабақшамыздың басты мақсаты болашақ жас ұрпақты дені сау, сымбатты, шыныққан азамат тәрбиелеу. Балалар шаттық шеңберіне тұрады. Бәрі бірге қосылып, қимыл көрсете отырып шаттық шеңберін жасайды.

Шаттық шеңбер

Таң атқалы қашан,

Күн шыққалы қашан.

Тауық ерте шақырды,

Оян, киін балалар!

Тәрбиеші: - Жарайсыңдар балалар, сендер бір - біріңмен дос, тату екенсіңдер. Осындай достық көңілмен біздер «Спорт әлеміне» тез жетеміз - деп теледидарды қосады.

Тәрбиеші: Балаларға теледидардан тауық пен балапандардың бейне ролликтерін көрсетеді. Балалар тауық пен балапандардың қимылдарын қызыға қайталайды.

Тәрбиеші: Балалар менімен ойнағыларың келеді ме?

Балалар:- Ия

Тәрбиеші: Бәрекелді балалар! - Адамдардың көңілді, әдемі боп жүруі неге байланысты?

Балалар:- Денсаулыққа.

Тәрбиеші : Жарайсыңдар балалар! - денсаулыққа байланысты.

Тәрбиеші: Біздің балалар шыныққан, епті, қиындықтан қорықпайды. Солай ма балалар? Саяхатқа шығуға дайынсыңдар ма?

Балалар: - Дайынбыз.

Тәрбиеші: Денсаулық ол-шыныққан,

Барлық денең мүшесі.

Денсаулық ол-тыныққан,

Жүйке тамыр жүйесі.

Балалар денемізді қыздырып жаттығу жасап алайық. Ал балалар қолдарыңды белге қойып, шеңбер құрып айналып жаттығу жасаймыз. Аяқ ұшымен, өкшемен, жеңіл жүгіру. Сыртқы қырымен жүру қаздарша.

Тәрбиеші: Сағи келе ғой, сен тауық боласың маска киесің. Қалған балалар балапан боласыңдар.

Ойын 3- бөлімнен тұрады.

Ойын барысы:

1. Тауық пен балапандар жіптің астынан өтеді

2. Тактай үстінен тепе-теңдікті сақтап жүру.

3. Тауық балапандарды қуады.

Шарты: Ұсталған балапандар ойыннан шығып отырады. Соңында қалған балапан жеңіске жетеді.

Спорт-көркі өмірдің,

Спорт-досың, серігің.

Жаттықсаң шымыр боласың,

Шынығып, өсіп, толарсың, -демекші салауатты өмір салтын ұстанып,
спортты серік етейік достар!

2022 жылдың 29 қараша күні «Балапан» кіші тобының тәрбиешісі
Н. Мусаеваның дене шынықтырудан «Тауық пен балапандар»
тақырыбындағы ҰАОҚ - не

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Тауық пен балапандар» қимылды ойын

Мақсаты: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.

(Дене шынықтыру)

«Балапан» кіші тобының тәрбиешісі Н. Мусаева «Тауық пен балапандар» тақырыбында ұйымдастырылған іс әрекет өтті. Қатысқан бала саны – 24.

Тәрбиеші балаларды ортаға жинап шаттық шеңберін жасатты.

Таң атқалы қашан, Күн шыққалы қашан.

Тауық ерте шақырды, Оян, киін. Балалар!

Балаларға теледидардан тауық пен балапандар туралы бейнеролик көрсетті.

Балалар тауық пен балапандардың қимылдарын қайталады. Содан тәрбиеші балаларға ойын ойнауға ұсыныс тастады. Балалар келісті. Тәрбиеші тауықтың маскасын бір балаға кигызды. Ал қалған балаларға балапанның маскасын кигізді. Балаларды ойын шарттарымен таныстырды.

Ойын 3 бөлімнен тұрды:

1. Тауық пен балапандар жіптің астынан өтеды

2. Тақтай үстінен тепе теңдікті сақтар жүру

3. Тауық балапандарды қуады

Ұсталған балапандар ойыннан шығып отырды. Соңында қалған балапанды мақтап, мадақтады.

Ойын тартысты әрі қызықты болды.

Жалпы қорыта келе тәрбиеші Н. Мусаеваның ҰІӨ жақсы өтті. Басқа тәрбиешілер өздеріне қажетті үйренері мен жақсы мағлұматтар алды.

ҰІӨ ұзақтығы – 20 минут.

Кемшіліктері: Балалардың барлығын игере алмады.

Ұсыныс: Балаларды екі топқа бөліп өту керек еді.

Әдіскер:



Жылысбаева Р

«Балдәурен» бөбекжай – балабақша
меңгерушісі *Жаппас* Жаппасбекова

« 4 » « 12 » 2022 ЖЫЛ

«Қарлығаш» ортаңғы тобы

Ашық оқу іс-әрекеті:

«:Жемістер мен көкөністер»



Тәрбиеші: А.Сейткасимова

2022-2023 оқу жылы

Білім беру саласы: Танымдық және зияткерлік дағдылары

Бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Тақырыбы: «Жемістер мен көкністер»

Мақсаты: Балаларға бау-бақша өнімдері туралы және адамға пайдасы бар екенін білуге үйрету.

Қажетті құралдар: ватман, желім, майлық шүберек, жұқа түрлі-түсті қағаздар.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: тақпақтар жаттату, дидактикалық ойындар, пішіндер.

Балалар ұйымдастырылған оқу қызметі басталмас бұрын «Шаттық шеңбер» жасап алайық.

Шаттық шеңбер»

Армысың, алтын күн,

Армысың, көк аспан.

Армысыздар, достарым

Қош көрдік сіздерді.

-Қараңдаршы балалар, бүгін ауа райы қандай тамаша?

-Қане, бәріміз аспанға қарайықшы, не көріп тұрсыздар?

Балалар: Күн

-Дұрыс айтасындар, күнде тағы не болады?

Балалар: -Күннің шуағы болады, ол жер бетіне шуағын төгеді

— Балалар жыл мезгілдерін еске түсірейікші? (слайд көрсету)

Балалар: Күз, қыс, көктем, жаз

-Күз айларын атаңдаршы?

Балалар: қыркүйек, қазан, қараша.

Тақтадағы суретке назар аудару, олар туралы жұмбақ жасыру

Бір-бірлеп үзіп жейсің,

Бір жегенде жүзін жейсің (Жүзім)

Әрі қызыл, әрі тәтті,

Татқан жанды таңыркатты (Алма)

Бақта, бақшада күзде піседі барлығы. (жемістер, көкөністер)

Жарайсындар балалар сіздер бәрін біледі екенсіздер.

Ал ендеше балалар біз жемістер мен көкөністер бағына саяхат жасаймыз. Балалар саяхатқа біздер автобуспен барамыз. Ал ендеше балалар бәріміз киініп саяхатқа дайындалып, балабақшамен уақытша қоштасамыз.

Автобустың дыбысы шығады. Балалар автобуска отырады.

Ал балалар біздер жемістер мен көкөністер бағына да келіп жеттік бұнда кім бар екен?

Ғажайып сәт. Алдарынан Күз ханшайымы шығады

— Сәлематсыздар ма, балалар!

— Иә, балалар мен сіздерден көмек сұрап келіп тұрмын, менің жемістерім мен көкөністерім бірге қосылып кеткен соны бөліп жинап бересіздер ме?

— Балалар, жинаймыз ба?

— Ендеше, дидактикалық ойын «Жемістер мен көкөністерді ажырат»

1 — аялдама:

Ал, қане балалар біз аялдамаларды өтіп шығу үшін автобуспен жүріп барамыз.

Қане балалар біз бірінші аялдамаға да келдік, түсеміз. Біз қандай аялдамаға келдік?

Ал балалар енді келесі аялдамаға барайық.

Заттарды санай отырып рет-ретімен кою.

2 — аялдама:

«Үйдің терезелерін саламыз». Балаларға геометриялық пішінді үйдің бейнесін беріп, сол үйдің терезелеріне өз пішіндерін дұрыс орын-орнына қоямыз.

Жарайсыңдар балалар!

Сергіту кезеңі:

Бұлт қабағын түйіп ап,

Бүркеп алды аспанды.

Тырс-тырс тырсылдап,

Жаңбыр жауа бастады.

Күнге қолды созамыз

Күннен жылу аламыз

Бойымызға таратып,

Біз көңілді боламыз.

Балалар автобусымызға мінейік келесі аялдамаға кеттік.

Балалар бұл қандай аялдама?

3 — аялдама:

Балалар енді біз қазір жұлмалау әдісі арқылы ватманға алма мен қиярдың суретін жинақтап жапсырамыз. Ол үшін біз екі топқа бөлінеміз.

Жарайсындар балалар!

Балалар біздің енді топқа келетін уақытымыз болды. Автобусқа отырып топқа келеміз.

Балалар бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?

Біздер немен бардық?

Ол аялдамаларда қандай тапсырмалар болды?

Ол тапсырмалар ұнады ма?

2022 жылдың 7 желтоқсан күні «Қарлығаш» ортаңғы тобының
тәрбиешісі А. Сейткасымованың «Көкөністер мен жемістер»
тақырыбындағы ҰАОҚ - не

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Көкөністер мен жемістер»

Максаты: Балаларға бау – бақша өнімдері туралы және адамға пайдасы бар екенін білуге үйрету.

(Қарапайым математика)

«Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі А. Сейткасымова «Көкөністер мен жемістер» тақырыбында ұйымдастырылған іс әрекет өтті. Қатысқан бала саны – 19. Тәрбиеші балаларды ортаға жинап шаттық шеңберін жасатты. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырды. Балалар жұмбақтың шешуін тапты. Балаларды жемістер мен көкөністер бағына автобустпен саяхатқа баратындарын айтты. Автобустың дыбысы шығады. Балалар автобуска жайғасты. Балалар жемістер мен көкөністер бағына келеді. Алдарынан Күз ханшайымы шығады. Ханшайым балаларға күз мезгілінің бізге берері туралы, көкөністер мен жемістердің пайдасы туралы түсінік берді. Балаларға тапсырмалар орындатады. Балалар ханшайыммен бірге қағаз бетіне көкөністерді бөлек, жемістерді бөлек жапсырады. Балалар сергіту жаттығуын жасайды. Ханшайыммен қоштасып балалар өз балабақшасына оралады.

Жалпы қорыта келе тәрбиеші А. Сейткасымова ҰІӨ жақсы өтті. Басқа тәрбиешілер өздеріне қажетті үйренері мен жақсы мағлұматтар алды.

ҰІӨ ұзақтығы – 25 минут.

Кемшіліктері: Тәрбиешінің дауыс интонациясы дөрекілеу болды

Ұсыныс: Тәрбиеші өзімен көптеп жұмыс жасау керек

Әдіскер:



Жылысбаева Р